

**Зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы бірыңғай реттеу қағидаттары туралы келісімді ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 30 маусымдағы № 448-IV Заңы.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Бұл келісім Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт күшіне енген күнінен бастап қолданылуын тоқтатады - ҚР 14.10.2014 N 240-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 113-баптан қараңыз).**

2010 жылғы 9 желтоқсанда Мәскеуде жасалған Зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы бірыңғай реттеу қағидаттары туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Н. Назарбаев

**Зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы бірыңғай реттеу қағидаттары туралы келісім (2012 жылғы 1 қаңтарда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2012 ж., N 1, 16-құжат)**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының Үкіметі,

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің (Кеден одағының жоғары органы) 2009 жылғы 19 желтоқсандағы № 35 шешімін басшылыққа ала отырып,

сауда-экономикалық, өнеркәсіптік, мәдени және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамытуға ниет білдіре отырып,

зияткерлік меншік құқықтарын сақтауға және қорғауға, контрафактілі тауарлармен халықаралық саудаға қарсы күреске бағытталған шаралардың келісілген жүйесін іске асыру қажеттілігін негізге ала отырып,

зияткерлік меншік құқықтарын сақтаудың және қорғаудың бірыңғай үйлестірілген жүйесін ұйымдастыру жолымен Бірыңғай экономикалық кеңістікті және Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Кеден одағын қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасауға ұмтыла отырып,

төмендегілер туралы келісті:

# **I БӨЛІМ**

## **Жалпы ережелер**

### **1-бап**

Осы Келісім Тараптардың ұлттық заңнамасымен қорғалатын зияткерлік қызметтің нәтижелерін және тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді дараландыру құралдарын сақтау және қорғау саласындағы реттеу қағидаттарын біріздендіруге бағытталған.

### **2-бап**

1. Тараптар зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы жалпы халықаралық құқықтық базаға негізделеді, Дүниежүзілік сауда ұйымының Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімінің қағидаттарын ұстанады және Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының әкімшілік басқаруындағы зияткерлік меншік саласындағы халықаралық келісімдерді, сондай-ақ Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық келісімдерді басшылыққа алады.

2. Осы Келісімге қол қою сәтіне дейін 2007 жылғы Тауар таңбалары жөніндегі заңдар туралы Сингапур шартының, Орындаушылардың, фонограмма дайындаушылардың және хабар тарату ұйымдарының құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенцияның (1961 жылғы Рим конвенциясы) қатысушылары болып табылмайтын Тараптар аталған халықаралық шарттарға қосылу жөнінде өзіне міндеттеме алады.

3. Тараптар Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымына, Дүниежүзілік сауда ұйымының Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері туралы келісім жөніндегі комитетке (Тараптардың мемлекеттері Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылғаннан кейін) қатысу шеңберінде іс-қимылдарын үйлестіруге міндеттенеді.

### **3-бап**

1. Әрбір Тарап өзінің ұлттық заңнамасында осы Келісімде көзделген көлемде және Тараптардың халықаралық міндеттемелері шеңберінде өз аумағында өзінің жеке және заңды тұлғаларына, зияткерлік қызмет нәтижелеріне және дараландыру құралдарына ұсынылатын зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау деңгейін басқа Тараптар мемлекеттерінің жеке және заңды тұлғаларына, зияткерлік қызмет нәтижелеріне және дараландыру құралдарына ұсыну туралы ережелер белгілеуге міндеттенеді.

2. Тараптар өзінің ұлттық заңнамасында осы Келісімнің ережелеріне қайшы келмеуі шартымен осы Келісімдегімен салыстырғанда, зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғаудың жоғары деңгейін қамтамасыз ететін нормаларды қолдана алады.

## **II БӨЛІМ**

### **Авторлық және сабақтас құқықтар**

#### **4-бап**

1. Тараптар 1971 жылғы Әдеби және көркем туындыларды қорғау туралы Берн конвенциясының, Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының авторлық құқық жөніндегі шартының, Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының орындаушылық және фонограммалар жөніндегі шартының ережелерін негізге ала отырып, зияткерлік қызметтің нәтижелерін сақтауды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

2. 1971 жылғы Әдеби және көркем туындыларды қорғау туралы Берн конвенциясына сәйкес электронды-есептегіш машиналарға арналған бағдарламалар (компьютерлік бағдарламалар), бастапқы мәтінді және объектілі кодты қоса алғанда, әдеби туынды ретінде қорғалады.

3. Құрамдас туындылар, яғни материалдарды іріктеу немесе орналастыру бойынша шығармашылық нәтижесі болып табылатын туындылар, оларды білдіру нысанына қарамастан осылар ретінде қорғалады. Бұл ретте өздері негізге алынған немесе өздеріне кіретін туындылардың авторлық құқық объектілері болуына қарамастан, құрамдас туындылар авторлық құқықпен қорғалады.

4. Авторлық құқықтар ғылым, әдебиет және өнер туындыларына қатысты болады. Туындының авторына, атап айтқанда мынадай құқықтар тиесілі:

- 1) туындыға айрықша құқық;
- 2) авторлық құқық;
- 3) автордың есімі аталу құқығы;
- 4) туындыға қол сұқпаушылық құқығы;
- 5) туындыны жариялау құқығы;
- 6) Тараптардың ұлттық заңнамасында белгіленген өзге де құқықтар.

5. Тараптар туындыларды не сабақтас құқықтар объектілерін әдеттегідей пайдалануға қайшы келмейтін және құқық иеленушілердің заңды мүдделеріне негізсіз нұқсан келтірмейтін осы бап шеңберінде қорғалатын зияткерлік қызметтің нәтижелеріне құқықтарды шектеулерге және алып қоюларға жекелеген жағдайларда жол берілетініне міндеттенеді.

6. Тараптар автордың туындысына айрықша құқықты; тең авторлар жасаған туындыға айрықша құқықты; автор қайтыс болғаннан кейін жарияланған туындыға айрықша құқықты 1971 жылғы Әдеби және көркем туындыларды қорғау туралы Берн

конвенциясында, Дүниежүзілік сауда ұйымының Зияткерлік меншік құқығының сауда аспектілері жөніндегі келісінде, Орындаушылардың, фонограмма дайындаушылардың және хабар тарату ұйымдарының құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенцияда (1961 жылғы Рим конвенциясы) белгіленгеннен төмен болмайтын қорғау мерзімдерін қамтамасыз етуге міндеттенеді. Тараптардың ұлттық заңнамасында осы бапта аталған құқықтарды қорғаудың ұзақ мерзімі бекітілуі мүмкін.

## **5-бап**

Әрбір Тарап кинематографиялық туындыларға қатысты құқық иелеріне басқа Тарап мемлекетінің аумағында авторлық құқықпен қорғалатын, өз туындыларының түпнұсқаларын немесе көшірмелерін көпшілік коммерциялық прокатқа беруге рұқсат ету немесе тыйым салу құқығын беруге тиіс.

## **6-бап**

Осы Келісімнің мақсаттары үшін орындаушылық қызметтің (орындаушылық) нәтижелеріне, фонограммаларға зияткерлік (мүліктік және жеке мүліктік емес) құқықтар және Тараптардың ұлттық заңнамасында белгіленген өзге де құқықтар авторлық құқықтармен сабақтас (сабақтас құқықтар) болып табылады.

## **7-бап**

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін орындаушылық өзінің шығармашылық еңбегімен жасалған жеке тұлға - орындаушы - әртіс (актер, әнші, музыкант, биші немесе рөлде ойнайтын, оқитын, мәнерлеп оқитын, ән салатын, музыкалық аспапта ойнайтын немесе әдебиет, өнер немесе халық шығармашылығы туындыларын, оның ішінде эстрадалық, цирк немесе қуыршақ нөмірлерін орындауда өзге де түрде қатысатын басқа адам), сондай-ақ спектакльдің қоюшы - режиссері (театрлық, цирктік, қуыршақ, эстрадалық немесе өзге де театрлық-көріністі қойылымды жүзеге асырған тұлға) және дирижер орындаушы (орындаудың авторы) ретінде танылады.

2. Тараптар Тараптардың орындаушыларына өзара негізде мынадай құқықтарды береді:

- 1) орындауға айрықша құқық;
- 2) авторлық құқық - орындаудың авторы деп танылу құқығы;
- 3) есімі аталу құқығы - туындыны пайдалану сипаты орындаушының есімін немесе орындаушылар ұжымының атауын көрсету мүмкіндігі болмаған жағдайлардан басқа, фонограмма даналарында өз есімінің немесе лақап атының көрсетілу құқығы және орындаушылық пайдаланылған өзге де жағдайларда, орындаушылар ұжымы атауының көрсетілу құқығы;

4) Тараптардың ұлттық заңнамасында белгіленген басқа құқықтар.

3. Орындаушылар өз құқықтарын орындалатын туындылар авторларының құқықтарын сақтай отырып жүзеге асырады.

4. Орындаушының құқықтары орындалатын туындыға авторлық құқықтардың болуына және күшінде болуына қарамастан танылады және күшінде болады.

## **8-бап**

1. Келісімнің мақсаттары үшін орындаушылық дыбыстардың немесе өзге де дыбыстардың не осы дыбыстардың берілуінің алғашқы жазбасы үшін бастамашылық пен жауапкершілікті өзіне алған тұлға фонограмма дайындаушы (жасаушы) деп танылады. Өзге дәлелдер болмаған кезде фонограмманың данасында және (немесе) оның қорабында есімі немесе атауы көрсетілген тұлға фонограмманы өзге дайындаушы (жасаушысы) деп танылады.

2. Тараптардың фонограмма дайындаушыларына (жасаушыларына) Тараптар мынадай құқықтар береді:

1) фонограммаға ерекше құқық;

2) Тараптардың ұлттық заңнамасында белгіленген өзге құқықтар.

3. Тараптар Дүниежүзілік сауда ұйымының Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісінде және Орындаушылардың, фонограмма дайындаушылардың және хабар тарату ұйымдарының құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенцияда (1961 жылғы Рим конвенциясы) белгіленгеннен төмен болмайтын, фонограмма дайындаушылардың (жасаушылардың) құқықтарын қорғау мерзімдерін қамтамасыз етуге міндеттенеді. Тараптардың ұлттық заңнамасында осы бапта аталған құқықтарды қорғаудың ұзақ мерзімі бекітілуі мүмкін.

## **9-бап**

1. Фонограмма дайындаушылардың (жасаушылардың) Тараптар мемлекеттерінің аумағында мынадай іс-әрекеттерге рұқсат ету немесе тыйым салуға құқығы бар:

1) өздерінің фонограммаларын тікелей немесе жанама түрде орындау;

2) фонограмма дайындаушының (жасаушының) рұқсатынсыз орындалған фонограмманың көшірмесін басқа Тараптың аумағына импорттау.

## **10-бап**

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін авторлардың және өзге құқық иелерінің авторлық және сабақтас құқықтарды пайдаланғаны үшін сыйақы алуын қамтамасыз ету мақсатында ұжымдық негізде тиісті құқықтарды басқару саласында фонограмма авторларынан, орындаушыларынан, дайындаушыларынан (жасаушыларынан) және

өзге де авторлық және сабақтас құқықтардың иелерінен (бұдан әрі - авторлар және өзге де құқық иелері) алынған өкілеттіктер негізінде Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес іс-қимыл жасайтын ұйым ұжымдық басқару жөніндегі ұйым деп танылады.

2. Бірыңғай экономикалық кеңістікке қатысушы мемлекеттердің аумағында авторлардың және өзге де құқық иелерінің мүліктік құқықтарын тиімді іске асыру мақсатында олардың құқықтарын жеке тәртіппен жүзеге асыру қиын немесе Тараптардың ұлттық заңнамасында тиісті құқықтарды иеленушілердің келісімінсіз, бірақ оларға сыйақы төлей отырып, авторлық және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануға жол берілген жағдайларда, Тараптар ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарды құруға және олардың қызметіне жәрдем көрсетеді.

3. Авторлардың және өзге де құқық иелерінің құқықтарын неғұрлым толық және тиімді іске асыру мүддесін ескере отырып, авторлық және сабақтас құқықтар объектілерін заңды түрде пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында Тараптар мұндай ұйымдарға тікелей тиісті өкілеттіктерді берген авторлар мен өзге де құқық иелерінің де, олардың мүдделерінде тікелей қызметті жүзеге асырудан бас тартпаған авторлар мен өзге де құқық иелерінің мүдделерінде, оның ішінде фонограммаларды және дыбыстау-бейнелеу туындылары жеке мақсатта еркін орындалғаны үшін сыйақы құқықтары іске асырылған жағдайда ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдар қызметінің мүмкіндігін көздейді.

4. Авторлық және сабақтас құқықтарды қорғаудың және іске асырудың бірыңғай жүйесін құру мақсатында Тараптар осы Келісім күшіне енген күнге дейін, оның ішінде:

1) ұжымдық негізде, оның ішінде фонограммалар және дыбыстау-бейнелеу туындылары жеке мақсатта еркін орындалғаны үшін сыйақы құқығы іске асырылған жағдайда құқықтарды басқарудың бірыңғай тәртібін айқындауды;

2) Тараптардың қорғалатын авторлық және сабақтас құқықтар объектілері туралы ақпараттан және ақпарат алмасуды ұйымдастыру тәртібінен тұратын дерекқор құруды;

3) Бірыңғай экономикалық кеңістікке қатысушы мемлекеттердің ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарының жұмысын үйлестіру жөніндегі комиссия құруды және оның жұмыс тәртібін айқындауды көздейтін халықаралық шарттар жасасады.

## **Тауар таңбалары**

### **11-бап**

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін Тараптардың ұлттық заңнамасына және Тараптар қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес қорғалатын, азаматтық айналымға бір қатысушылардың тауарларын және (немесе) қызметтерін

азаматтық айналымға басқа қатысушылардың тауарларынан және (немесе) қызметтерінен ажырату қызметін атқаратын белгі тауар таңбасы және қызмет көрсету таңбасы (бұдан әрі - тауар таңбасы) болып табылады.

Сөз, бейнелеу, көлем және өзге де белгілері немесе олардың комбинациялары тауар таңбалары ретінде тіркелуі мүмкін. Тараптар мемлекеттердің заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда өзге белгілер тауар таңбалары ретінде тіркелуі мүмкін. Тауар таңбасы кез келген түспен немесе түстердің үйлесімінде тіркелуі мүмкін.

## **12-бап**

1. Тауар таңбасы иесінің тауар таңбасын пайдалану мен оған иелік етуге ерекше құқығы, сондай-ақ тауар таңбасын басқа адамдардың пайдалануына тыйым салуға құқығы бар.

2. Тауар таңбасын бастапқы тіркеудің қолданылу мерзімі әркез кемінде 10 жыл мерзімге оның қолданылуының соңғы жылы ішінде берілген тауар таңбасы иесінің өтініші бойынша шексіз рет ұзартылуы мүмкін.

## **13-бап**

Осы Келісім күшіне енген күнінен бастап Тараптар мынадай тауар таңбасына ерекше құқықтардың аяқталу қағидатын енгізеді - тікелей құқық иесі немесе оның келісімімен басқа тұлғалар Тараптар мемлекеттерінің аумағында азаматтық айналымға құқықтық негізде енгізген тауарларға қатысты осы тауар таңбасы пайдалану тауар таңбасына ерекше құқықты бұзу болып табылмайды.

## **14-бап**

Тараптар осы Келісім күшіне енген күнге дейін Тараптар өз мемлекеттерінің аумағында тауар таңбаларын және тауарлар шығарылған жерлердің атауларын (географиялық нұсқаулар) құқықтық қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті бірыңғай рәсімдерді әзірлейді және енгізеді. Тараптар тауарлар таңбаларын және тауар шығарылған жерлердің атауларын (географиялық нұсқаулар) тіркеудің әзірленген бірыңғай тетіктерін жеке шартта тіркейді.

## **Тауар шығарылған жердің атауы**

## **15-бап**

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін елдің, қалалық немесе ауылдық қоныстың, жергілікті жердің немесе басқа да географиялық объектінің қазіргі немесе тарихи, ресми немесе ресми емес, толық немесе қысқартылған атауын білдіретін немесе сол

атаудан тұратын белгі, сондай-ақ осы атаудан туындайтын және айрықша қасиеттері тек қана немесе негізінен осы географиялық объектіге тән табиғи жағдайлармен және (немесе) адам факторларымен айқындалатын тауарға қатысты оны пайдалану нәтижесінде белгілі болған белгі құқықтық қорғау берілетін тауар шығарылған атауы болып табылады.

Аталған ережелер осы объектінің атауы болмаса да, осы белгіні айрықша қасиеттері осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген талаптарға сай келетін тауарға қатысты пайдалану нәтижесінде белгілі болған, белгілі бір географиялық объектінің аумағынан шығарылған тауар ретінде сәйкестендіруге мүмкіндік беретін белгіге қатысты қолданылады.

Географиялық объектінің атауын білдіретін немесе сол атауы болса да белгілі бір түрдегі тауарды белгілеу ретінде жаппай қолдануға енгізілген, шығарылған жерімен байланысты емес белгі тауар шығарылған жердің атауы болып танылмайды.

2. Тараптар осы Келісімнің мақсаттары үшін мүдделі тараптарға тауар шығарылған жердің атауына қатысты:

1) осы тауардың шынайы шығарылған жерден басқа географиялық ауданнан шығарылғанын көрсететін немесе сондай ой-пікір туғызатын, бұл жұртшылықты тауардың географиялық шыққан жеріне қатысты жаңылыстыратын тауарды белгілеу немесе таныстыру кезінде кез келген құралдарды пайдалануға;

2) 1967 жылғы Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі 1967 жылғы Париж конвенциясының 10-bis-бабының мағынасы бойынша жосықсыз бәсеке актісін білдіретін кез келген пайдалануды болғызбауға мүмкіндік беретін құқықтық шараларды көздейді.

## **Патент құқықтары**

### **16-бап**

1. Өнертабысқа, пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге құқық ұлттық заңнамада белгіленген тәртіппен қорғалады және патент иесі өнертабысқа, пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге басымдығын, авторлығын және ерекше құқығын куәландыратын қорғау құжатымен расталады.

2. Өнертабыстың, пайдалы модельдің және өнеркәсіптік үлгінің авторына мынадай құқықтар тиесілі:

- 1) ерекше құқық;
- 2) авторлық құқық.

3. Тараптардың ұлттық заңнамасында көзделген жекелеген жағдайларда өнертабыстың, пайдалы модельдің және өнеркәсіптік үлгінің авторына, сондай-ақ басқа



да құқықтар, оның ішінде патент алу құқығы, қызметтік өнертабысты, пайдалы модельді немесе өнеркәсіптік үлгіні пайдаланғаны үшін сыйақы құқығы тиесілі болады.

4. Өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге ерекше құқықтың және осы құқықты куәландыратын патенттің қолданылу мерзімі, Тараптардың ұлттық заңнамасында белгіленген талаптарды сақтау шартымен патент беруге өтінім берілген күннен бастап есептеледі және:

өнертабыстар үшін - кемінде 20 жылды;

пайдалы модельдер үшін - кемінде 5 жылды;

өнеркәсіптік үлгілер үшін - кемінде 5 жылды құрайды.

## **17-бап**

Өнертабысқа, пайдалы модельге немесе өнеркәсіптік үлгіге патент, патент иесіне өнертабысты, пайдалы модельді немесе өнеркәсіптік үлгіні заңға қайшы келмейтін кез келген тәсілмен пайдалануға ерекше құқық береді.

Егер өнім патент объектісі болса, патент иесі үшінші тұлғаларға өзінің келісімінсіз, атап айтқанда, аталған өнімді әзірлеуге, қолдануға, сақтауға, сатуға ұсынуға, осы мақсаттар үшін сатуға немесе әкелуге кедергі жасауға құқылы.

Егер тәсіл патент объектісі болса, патент иесі өзінің келісімінсіз, атап айтқанда, тәсілді жүзеге асыру жөнінде әрекет жасауға, сондай-ақ тікелей аталған тәсілмен алынған өнімді қолдануға, сақтауға, сатуға ұсынуға, осы мақсаттар үшін сатуға немесе әкелуге кедергі жасауға құқылы.

## **18-бап**

Тараптар, мұндай шектеулер өнертабыстарды, пайдалы модельдерді немесе өнеркәсіптік үлгілерді әдеттегідей пайдалануға орынсыз нұқсан келтірмеуі және үшінші тұлғалардың заңды мүдделерін ескере отырып, патент иесінің заңды мүдделеріне негізсіз нұқсан келтірмеуі шартымен қорғау құжаттарымен берілетін құқықтарды шектеуді көздеуге құқылы.

## **III БӨЛІМ**

### **Құқық қолдану**

## **19-бап**

Тараптар зияткерлік қызметтің нәтижелеріне құқықтарды тиімді қорғауды қамтамасыз ететін құқық қолдану шараларын қолдану жөнінде міндеттемелер алады.

## **20-бап**

Тараптар Кеден одағының бірыңғай кеден аумағында контрафактілі тауарлар айналымының тиімді түрде жолын кесуді қамтамасыз ететін заңнамалық тәртіп шараларын, сондай-ақ Интернет желісінде зияткерлік меншік құқықтарының бұзылуына қарсы іс-қимыл жөніндегі бірыңғай шараларды көздейді.

## **Шекаралық шаралар**

### **21-бап**

Тараптар Кеден одағының Кеден кодексінде белгіленген зияткерлік қызметтің нәтижелеріне құқықтарды қорғау жөнінде іс-қимылдарды көздейді.

## **Әкімшілік және қылмыстық сипаттағы шаралар**

### **22-бап**

Тараптар зияткерлік қызметтің нәтижелеріне құқықтарды қорғаудың бірыңғай жүйесін құру, сондай-ақ осы Келісімнің 20-бабының ережелерін іске асыру мақсатында Тараптар өздерінің өкілетті органдарының зияткерлік қызметтің нәтижелеріне құқықтарды қорғау жөніндегі іс-қимылдарды үйлестіру туралы шарт жасасуын көздейді.

## **IV БӨЛІМ**

### **Транспаренттілік**

### **23-бап**

1. Тараптардың кез келгені қолданысқа енгізген және осы Келісімнің мәтініне қатысы бар заңдар мен өзге де нормативтік актілер, жалпы қолданылатын түпкілікті сот және әкімшілік шешімдері (зияткерлік қызметтің нәтижелеріне құқықтардың болуы, көлемі, алынуы, олардың сақталуын қамтамасыз ету және оларды асыра пайдаланудың алдын алу) ресми жариялануға жатады немесе егер мұндай жариялау орынсыз болған жағдайларда, ол үкіметтік органдар мен құқық иелері таныса алатындай жалпы қол жетерлік болуға тиіс.

Бір Тараптың үкіметі немесе үкіметтік органы мен басқа Тараптың үкіметі немесе үкіметтік органы арасында қолданылатын осы Келісімнің мәтініне қатысты келісімдер ресми жариялануы тиіс.

2. Әрбір Тарап басқа Тараптың жазбаша берілген сұрауына жауап ретінде осы баптың 1-тармағында көрсетілген ақпаратты ұсынуға дайын болуға тиіс. Зияткерлік меншік құқығы саласындағы белгілі бір сот немесе әкімшілік шешімі немесе екіжақты келісім осы Келісім бойынша өзінің құқықтарын қозғайды деп пайымдауға негізі бар

Тарап мұндай сот немесе әкімшілік шешімдеріне немесе екіжақты келісімдерге қол жеткізуді ұсыну туралы немесе өзін олар туралы тиісінше хабардар ету туралы жазбаша сұрау сала алады.

3. Тараптар осы Келісімнің мәтініне қатысты заңнамалық актілер мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобалары туралы Бірыңғай экономикалық кеңістіктің Зияткерлік меншік жөніндегі үйлестіруші кеңесіне хабарлау жөнінде міндеттемелер алады.

4. Осы баптың 1-3-тармақтарындағы ешбір жағдай заңды сақтауды қамтамасыз етуге кедергі келтіруі мүмкін, өзге түрде қоғамдық мүдделерге қайшы келетін немесе жекелеген мемлекеттік немесе жеке меншік кәсіпорындардың заңды коммерциялық мүдделеріне нұқсан келтіретін құпия ақпаратты Тараптардың ашуын талап етпейді.

## **Үйлестіруші кеңес**

### **24-бап**

1. Тараптар мемлекеттерінің ведомстволары арасында тұрақты негізде зияткерлік меншікті сақтау және қорғау саласындағы үйлестіру және ақпараттық-техникалық ынтымақтастық жөніндегі функциялардың жүзеге асыру мақсатында Тараптар тұрақты жұмыс істейтін институционалдық тетік - Бірыңғай экономикалық кеңістіктің Зияткерлік меншік жөніндегі үйлестіру кеңесін (бұдан әрі - Үйлестіру кеңесі) құруды көздейді.

Тараптар Үйлестіру кеңесі туралы ережені әзірлеп, қабылдайды. Әрбір Тарап Үйлестіру кеңесінің тең төрағасын тағайындайды.

2. Үйлестіру кеңесінің тең төрағалары Тараптар өкілдері кіретін аталған кеңес сарапшыларының тізімдерін бекітеді.

Үйлестіру кеңесіне, сондай-ақ құзыретіне Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің зияткерлік меншікті сақтау және қорғау саласындағы саясатын үйлестіру кіретін Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитеті Хатшылығының өкілдері кіреді.

Тараптар жылына кемінде бір рет Үйлестіру кеңесінің тұрақты отырыстарын өткізуді көздейді.

## **Дауларды шешу**

### **25-бап**

Осы Келісімді түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты Тараптар арасындағы даулар консультациялар және келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

Егер Тараптар дауды Тараптардың бірі басқа Тараптарға консультациялар мен келіссөздер жүргізу туралы жіберген ресми жазбаша өтініші түскен күннен бастап 6 ай ішінде реттемесе, Тараптардың кез келгені осы дауды Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Сотына қарауға береді.

## **V БӨЛІМ**

### **Күшіне енуі**

#### **26-бап**

Тараптардың уағдаласуы бойынша осы Келісімге жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

#### **27-бап**

Осы Келісім 2012 жылғы 1 қаңтарда, бірақ депозитарий оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күннен бұрын болмай күшіне енеді.

Осы Келісімге қосылу және одан шығу тәртібі 2007 жылғы 6 қазандағы Кеден одағының шарттық-құқықтық базасын қалыптастыруға бағытталған, халықаралық шарттардың күшіне енуі, олардан шығу және оларға қосылу тәртібі туралы хаттамамен айқындалады.

2010 жылғы 9 желтоқсанда Мәскеу қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды.

Осы Келісімнің түпнұсқа данасы әрбір Тарапқа осы Келісімнің куәландырылған көшірмесін жіберетін, осы Келісімнің депозитарийі болып табылатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитетінде сақталады.

Беларусь	Қазақстан	Ресей
Республикасының	Республикасының	Федерациясының
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін	Үкіметі үшін

Осы арқылы бұл мәтін 2010 жылғы 9 желтоқсанда Мәскеу қаласында: Беларусь Республикасынан - Беларусь Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.В.Кобяков, Қазақстан Республикасының Үкіметінен - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары Ө.Е.Шөкеев, Ресей Федерациясының Үкіметінен - Ресей Федерациясы Үкіметі Төрағасының Бірінші орынбасары И.И.Шувалов қол қойған Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және сақтау саласындағы бірыңғай реттеу қағидаттары туралы келісім түпнұсқасының толық және тең түпнұсқалы көшірмесі болып табылатынын куәландырамын.

Түпнұсқалы дана Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитетінде сақталады.

Барлығы 16 парақ тігілген,  
қол қойылып және мөрмен  
бекітілген

ЕурАзЭҚ Интеграциялық комитеті  
Хатшылығы Құқықтық департаментінің  
басшысы

В.С.Князев

13.12.2010 ж.

2010 жылғы 9 желтоқсанда Мәскеу қаласында қол қойылған Зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы бірыңғай реттеу қағидаттары туралы келісімнің мемлекеттік тілдегі дәлме-дәл көшірмесінің куәландырылған көшірмесі екенін растаймын.

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрлігі  
Зияткерлік меншік құқығы  
комитетінің төрайымы

Л. Стамбекова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК